

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.04.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/36906/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Иманбердиева Айгуль

Жастар біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас келешегі. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – ертеңгі ұрпақ. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада дамиды. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бірбөлігі отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірімен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат — әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан — жақты дамуына ата — ана, мектеп және қоғам жағдай жасауы керек.

Сондықтан біздермен сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін — өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие

орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты.Отбасы — адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы — ата-ана.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» — демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-ынтымақ, бірлігі мол тәрбиелі, үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі зор. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен,

олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету де өз пайдасын тигізеді.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнермен қуантады түбінде.

Бала ненібілсежастан, ұядан –

Өле-өлгеншесонытанырқиядан.

Өнер – білім берем десеңбасынан,

Бероқуғабалалардыжасынан,

Жақсы-жаманболса, бала – соларда» – деп XI ғасырдаЖүсіпБаласағұнайтықандай, ата-аналарбалаларыныңжекеерекшеліктерінжаскүнінентанып, соған қарай бағыт-бағдар тәрбиеберудіңмаңызыерекше.

Отбасындағытәрбиеніңкереметі – баланыеңбекке баулу. Ол – адамдықкемелденудіңнегізі. Еңбекетебілмегеннемесе оны жеккөргенадамныңотбасыберекеліболмайды. Ежелгі Рим философы Гораций айтқандай: «Өміреңбексізештенебермейді.» Сондықтан: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиедебалалардыеңбекетебілуге, еңбексіз бос отыраалмайтындайсезімгетәрбиелеубастынысанаболуытиіс. Сонда ғанаотбасымүшелелеріарасындағықарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілдікүстем бола алады. Бүгінгітаңдаата-анасықасындаболса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымызмаскүнемдік пен нашақорлыққа бой алдырып, қыздарымызшылымшегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы.

Шариғатта да алтын ұя – отбасыжоғарыбағаланып, оны бала тәрбиелепөсіруінебіріншідәрежелімәнберілген. Ойткені: «Балалар – ата-аналарқолынаберілгенаулы аманат» Бұлғажайыпқұдайшылдықанықтаманыжадыдаұстаубылайтұрсын, әрүйдіңмандайшасынаіліпқоютұрарлық. Баланы өздігінен өмір сүруге мүлдеқабілетсізнәрестекезіненбастапбақыттыбалалықшақ, жекешаңырақкөтергенгедейінгіжастықжолдарыөтетілотбасынбақыттыжағалауынбеткеа

лып, өмір – айдынында жүзіп бара жатқан қайыққа теңесек, оның қосескегі – әке мен ана дер едік.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.